

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

ҚҰРЫШ ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 24 сәуір жұма 2015 жыл № 16 (18)



19 сәуір жексенбі күні болса да, металлургтер қаласы үшін аса қауырт та қызғылықты іс-шараларға толы болды. Бұл күні құрамында түрлі республикалық министрліктер мен мемлекеттік органдардың 110 өкілі, мәдениет, медицина, білім беру қызметкерлері, әртістер мен музыканттар бар үлкен делегация Теміртауға табан тіреп, жұртшылыққа қызмет көрсетті.




«Менің Қазақстаным» поезды қаламызда



6, 7 - беттер

**26 сәуір – ҚР Президентін сайлау күні.
Сайлауға біркісідей қатысайық!**



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті апта сайын азаматтар қабылдауын өткізеді.

Кестеге сәйкес әр сейсенбі сайын қабылдауды департаменттің басшысы Ержан Кебекұлы Ыбырайымов жүргізеді. Департамент басшысының орынбасары – Тәртіптік Кеңестің Төрағасы Жандос Шералыұлы Сәрсенов жеке мәселесімен келген адамдарды бейсенбі күндері, депар-



Жемқорлыққа қарсы күрес

Азаматтарды қабылдайды

тамент басшысының орынбасары Арман Жомартұлы Нұрғалиев сәрсенбі күндері қабылдайды.

Жыл басынан бергі өткен үш айда департамент басшысының қабылдауында 28 тұлға болды. Олардың ішінде – Қарағанды, Балқаш, Приозерск, Саран қалалары, Абай, Осакаров, Бұқар-Жырау аудандарының тұрғындары.

Департамент қызметінің негізгі бағыттары мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау салалары болып табылады. Сондықтан қойылатын сұрақтар да әр түрлі.

Әдетте келушілер атқарушы билік органдарының лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өз көңілдерін білдіреді. Айтылған дәлелдер тексерілгеннен кейін сұрақ қоюшыларға жауап беріліп, заңды құқықтар мен мүдделерін қорғау жолдары түсіндіріледі.

Қабылданып отырған

шаралар кері баланысты күшейтуге және азаматтарды ақпараттандыруға мүмкіндік туғызу керек.

Азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау департаменттің ғимаратында Қарағанды қаласы Әліханов к-сі, 12 мекенжайы бойынша жүргізіледі. Қабылдауға 8 (7212) 91-36-01 телефоны арқылы алдын ала жазылуға болады.

Мұнымен қоса, 1494 call centre және шағымдар беру үшін 1494.kz порталы жұмыс жасайтынын хабарлаймыз. Агенттіктің қызметі туралы қосымша ақпаратты anticorruption.gov.kz сайтынан білуге болады, департаменттің әлеуметтік желідегі ресми парағы - vk.com/anticorteam.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті



Қайырымдылық

Қалалық мешіттің көмегі



Абай хакімнің: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген даналық сөзі бүгінгі әңгімеміздің алғысөзі десек артық айтқандық емес. Өйткені ата-бабаларымыз бір-бірін дос санап, қамқор болып, кісінің басына іс түскенде жанынан табылып, жабырқау көңілін жұбатудан алдына жан салған емес, осы қасиет бүгінде біздің әрбіріміз үшін қажет-ақ. Мұның іс жүзінде қандай болатынын көктемгі су тасқыны кезінде үйлері мен қорақопсыларын су алып, далада қалған қарағандылықтар анық аңғарды. Еліміздің барлық облыстарынан

қайырымдылық көмектері ағылып келіп жатыр, бірінші кезекте керек болған азық-түлік пен киім-кешекте сан есеп жоқ. Бұл қайырымдылық - адамгершілік белгісі, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегенді ұғынған ел тұрғындарының бұл қадамдары үшін алғыстан басқа айттарымыз жоқ.

Өткен сейсенбі күні қалалық мешіт ұжымы қайырымдылық көмегін бір жүк көлігіне тиеп, облыс орталығындағы мешітке жөнелтті. Қазақстан діни басқармасы бас мүфтиінің бастауымен қолға алынған бұл іс барлық өңірде жалғасуда.

Осыған өз үлестерін қосқысы келген теміртаулық жамағаттан азық-түліктер мен киім-кешектер тез арада жиналған еді.

— Су тасқыны табиғи апат болғандықтан, одан зардап шеккендерге қол ұшын беріп, қолда бар көмекті беру теміртаулық мұсылмандардың парызы, сондықтан біздің қалалық мешіт осы жұмысты ұйымдастырып, жамағаттан жиналған заттарды жөнелтіп отырымыз, баршаға Алла разы болсын, — дейді қалалық мешіттің имамы Қанат Анасұлы.



«Нұрлы жол — болашаққа бастар жол»



Президент Жолдауына орай

Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау орталығы ұжымы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауындағы жаңа экономикалық саясатты қолдап, оның халықтың әл-ауқатын жақсартуға айтарлықтай үлес қосатынына зор сенім білдіруде.

Денсаулық сақтау саласы дамуда

Жаңа Жолдау құрылымдық қайта жаңғырту өзгерістер бағдарламасы, ол негізгі жеті бағытты анықтап берді. Бұл бағыттар бір-бірімен тығыз байланысты және қаржылық көздері де нақты белгіленген. Мәселен, көлік инфрақұрылымы, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, әлеуметтік сала, баспана құрылысы жаңа берік матариалдар өндіруді қажет етеді. Ал бұл өз кезегінде индустрия өнеркәсібіне қозғалыс туғызып, шағын және орта бизнесті дамытып, нәтижесінде мыңдаған жаңа жұмыс орындарының құрылуына жол ашады. Жолдауда тұрғын үй инфрақұрылымын нығайтуға ерекше маңыз беріліп: «Мемлекет әлеуметтік жалға берілетін тұрғын үй құрылысына және оны жұртшылыққа ұзақ мерзімді, кейін сатып алу құқығымен жалға беруге көп көңіл бөлуде. Бұндай баспана тікелей ешбір делдалсыз ең төменгі пайыздық несие жолымен беріледі. Алғашқы жарнаның болмауы, ипотеканың төменгі пайыздық өсімі қазақстандықтардың қай-қайсы үшін де қолжетімді баспаналы болуға жол ашады» делінген. Сондықтан біздің мекеменің де жас мамандары баспанаға қол жеткізе алады.

Елбасы денсаулық сақтау саласының дамуына Жолдауда кеңінен тоқталды, бүгінгі таңда тұтыну тауарларының қауіпсіздігі аса тиімді зертханалық бақылау арқылы қамтамасыз етілуде. Соның ішінде азық түлік, қоршаған орта нысандарының халықаралық стандарттарға сәйкестендірілуі арқылы жұртшылықты сапасыз, денсаулыққа зиян өнімдерден қорғау жүзеге асырылуда. Ал зертханалық сараптаулар жедел, әрі сенімді білікті мамандардың күшімен жүргізіледі. Бұл істердің бәрінде де техникалық мөлшерлемелер толық сақталуда. Біздің санитарлық-эпидемиологиялық сараптау орталығы филиалының ұжымы Елбасы Жолдауына үлкен сенім артып, алға қойылған міндеттерді талапқа сай орындау арқылы ертеңгі күннің жарқын болатынына үлкен сенімділікпен еңбек етуде.

Ағия ЗЕЙНУЛИНА,
«Қарағанды облыстық санитарлық-эпидемиологиялық орталығы»
Теміртау қаласы бойынша филиалының директоры

Қазақстан халқы бірлігі күні өткізілетін мерекелік іс-шаралар

№	Күні және болатын орны	Іс-шараның аты
Ақтау кентінде Қазақстан халқы бірлігі күні өткізілетін мерекелік іс-шаралар		
1	1 мамыр 11-00 сағат Ақтау кенті	«Бірлік біздің туымыз» ҚР халқы бірлігі күніне арналған кент ұйымдары мен кәсіпорындарының мерекелік шеруі
2	1 мамыр 12.00 сағат Ақтау кенті	«Бір ел, бір мақсат, бір болашақ!» халық бірлігі күніне арналған мерекелік концерт
3	2 мамыр Ақтау кенті	«Бейбітшілік, достық, Қазақстан!» мерекелік би-кеші
Теміртау қаласында Қазақстан халқы бірлігі күні өткізілетін мерекелік іс-шаралар		
4	1 мамыр 11.00 сағат әкімдік алдындағы алаң	Қазақстан халқы бірлігі күніне арналған мерекелік шеру. Мерекелік сауда
5	1 мамыр Мәдениет және демалыс саябағы 10.00- 19.00 сағат	Жазғы маусымның ашылуына байланысты жаппай қыдырыс. Қазақстан халқы бірлігі күнін тойлау
6	3 мамыр «Құрылысшы» спорт кешені 10.00 сағат	1 мамыр және Жеңістің 70 жылдығына арналған жасөспірімдер арасындағы еркін күрестен қала біріншілігі



Ел жаңалықтары

«Нұрлы жол» бағдарламасын қаржыландыру

«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Ұлттық қордан 2015 жылы **686 млрд.теңге** бөлу қарастырылған. Бюджет арқылы және «Бәйтерек» холдингіне облигациялық қарыз беру арқылы қаржыландырудың екі форматы белгіленген.

«Нұрлы жол» бағдарламасын бюджеттік қаржыландыру көлемі **423,5 млрд.теңгені** құрайды. Бюджетттен қаржыландыру басталды.

«Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша барлық фискалдық инфрақұрылым және төлемдер мен бақылау жүргізу үшін нормативтік база толық дайындалды. Өз кезегінде Қаржы министрлігі тиісті жұмыстарды жүргізді.

23 млрд.теңге игерілді - қаражат республикалық деңгейдегі автожолдарды салу жұмыстарын орындауға жіберілді.

Жалпы, 2015 жылы қаражат келесі бағыттарды қаржыландыруға жоспарланған. Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға – 207,8 млрд. теңге, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытуға– 112,5 млрд. теңге. Халықаралық қаржылық ұйымдармен бірлескен жобаларда Қазақстан Республикасының үлесін қаржыландыруға – 39,2 млрд. теңге. Агроөнеркәсіп кешенін қолдауға – 20,0 млрд. теңге, мектептер салуға – 17,3 млрд. теңге және «Балапан» бағдарламасын қолдауға (мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландыруға) – 12,7 млрд. теңге. Одан басқа, бірқатар жоғарғы оқу орындарының, ғылыми мекемелердің материалдық-техникалық базасын қалыптастыруға және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге 8 млрд.теңге және 6 млрд.теңге сәйкес бөлінген.

Бұған қосымша «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы арқылы Ұлттық қордан **262,5 млрд.теңге** облигациялық қарызжалдауға берілетін тұрғын үйді салуға кредит беруге,шағын және орта бизнес жобаларын қаржыландыруға, ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға,Қазақстанның даму банкі арқылы өнеркәсіп өндірісін және экспорттаушыларды қолдауға (яғни экспорттау және экспорттау алдындағы кредит беруге бөлінеді) бөлінеді. Тұрғын үйді сатып алып, ары қарай халықтың арасына тарату үшін 20,3 млрд.теңге игерілді.

Жалпы бағдарламаны тиімді іске асыру үшін Қаржы министрлігі барлық сатыларда бақылауды қамтамасыз ететін болады. Ол қаражатты бөлу сәтінен бастап соңғы кезеңге дейін жүргізетін болады және аяқталған жобаларды кейінгі нысаналы бақылауды да қамтиды.

Латвия Президенті: ЭКСПО -2017 тақырыбы барша адамзат үшін өзекті

2015 жылдың 15 сәуірінде ЭКСПО-2017 Комиссары - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Рәпіл Жошыбаев бастаған қазақстандық делегация Латвия Республикасына жұмыс сапарымен барды.

Сапар барысында Латвия Президенті Андрис Берзиньшпен, Көлік министрі - қазақстан-латвиялық үкіметаралық комиссияның тең төрағасы Анрис Матисс, Қоршаған ортаны қорғау министрі Каспар Герхардс, Экономика министрлігінің Парламенттік хатшысы Эдгар Путра мен СІМ Мемлекеттік хатшысы Андрей Пилдеговичпен кездесулер өтті. Латвия тарапының шақыруымен Р.Жошыбаев Риганың 2015 жылғы бірінші жартыжылдықта Еуропа Одағы кеңесіне төрағалық етуіне орай ұйымдастырылған «Green Bridge Forum 2015» атты халықаралық конференция жұмысына қатысты.

Латвия Президенті А.Берзиньшпен кездесу барысында тараптар екіжақты қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқандығын атап өтіп, халықаралық серіктестіктің өзекті мәселелерін талқылады.

Р.Жошыбаев Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев атынан ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысуға шақырудың түпнұсқасын табыстады. Өз кезегінде, Берзиньш мырза елдің ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысуға асқан қызығушылығын білдіріп, көрме тақырыбының барша адамзат үшін өзектілігін атап өтті және Латвияның баламалы қуат көздері саласындағы жаңа ізденістерімен таныстыруға дайын екендігін жеткізді.

Латвияның көлік министрiмен кездесу барысында көліктік-транзиттік өзара қарым-қатынас мәселелері, сондай-ақ соңғы Қазақстан-латвиялық үкіметаралық комиссия отырысы аясында қол жеткізілген келісімдердің орындалуы талқыланды.

Сауда-экономикалық серіктестік, туризмді дамыту, виза тәртібі мен екі елдің астаналары арасында тікелей әуе қатынасы мәселелері Латвияның экономика министрлігінде талқыланды. Парламенттік хатшы Э.Путра Латвияның қалпына келтірілетін энергетика саласындағы айтарлықтай әлеуетін атап өтті, соның арқасында қазіргі таңда елдің шамамен 36% қуаты өндіріледі. Кездесуде ЭКСПО-2017 көрмесі таныстырылып, оған қатысу шарттары ұсынылды. Кездесу қорытындысы бойынша «ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ мен латвиялық туристік агенттер мен операторлар қауымдастығы арасында серіктестік туралы меморандумға қол қойылды (ALTA).

«Green Bridge Forum 2015» халықаралық конференциясы барысында Р.Жошыбаев еліміздегі «жасыл экономиканы» дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар мен Қазақстанның қалпына келтірілетін және баламалы энергетика саласындағы бастамалары жөнінде айтып өтті. Еуропалық сарапшылар Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев ұсынысымен жүзеге асырылып жатқан ХХІ ғасырдағы тұрақты жаһандық энергетикалық даму стратегиясы мен «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы туралы ақпаратты қызығушылықпен қабылдады. Қазіргі кезде Еуропа мен Азияның 13 елі «Жасыл көпір» бағдарламасының қатысушысы болып табылады. Форум қорытындысы бойынша бағдарламаға Финляндия су форумы қосылды. Сонымен қатар, форум аясында Латвияда оқитын қазақстандық студенттер ЭКСПО-2017 көрмесін қолдауға арналған флэшмоб ұйымдастырды.

Өз тілшімізден

Қауіптің беті қайтты



Су тасқыны


«Су – тілсіз жау» деп халқымыз бекер айтпаған.

Сәуірдің екінші онкүндігінде Теміртау қаласы маңындағы бірқатар елді мекен көктемгі қардың күрт еруінен көп зардап шекті. 60 үйді су алып, 59 тұрғын көшірілді құтқару, қалпына келтіру жұмыстарына 156 адам, 82 техника, 12 су шығаратын құрылғы тартылды. Ұзындығы 1350 метр уақытша бөгет жасалды. Ішкі істер басқармасы тарапынан 40 жеке құрам, 10 техника тәртіпті бақылады.



Қазір, дәлірек айтсақ 16 сәуірден бастап жағдай бірқалыпқа түсе бастады. Соңғы бес-алты күнде тұрғындар өздерінің үйлеріне қайтып оралып, үй мүліктерін жайып, кептіріп дегендей тіршіліктің қамына кірісіп те кетті. Дегенмен, бұл табиғи апаттан келген шығын көлемі аз емес. Қарағанды облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің деректеріне сүйенсек, Чкалов, Қызылжар, Ақтөбе, Ынтымақ, Садовое ауылдарынан бас-аяғы 171 үйге су кірген. Ауа-райын бақылаушылар Қарағанды, Ақмола аймағында жауын-шашын бола қалса, жағдай күрделіленетінін жасырып отырған жоқ, оның үстіне Нұра өзенінде сең жүру әлі жалғасуда. Осындай күрделі жағдайдың өзінде біздің жұртшылық келер күнге деген және басшылықтың ел-жұртты далада қалдырмайтынына барынша қолдан келген көмекті жасайтынына деген сеніммен баспаналарын, мүліктерін қалпына келтіруге кірісіп те кетті. Қала жанындағы

Чкаловтан екі жүздей адам қалаға көшірілген еді. Олардың бәрі де «Самал» шипажайына және «Асега» қонақүйіне орналастырылды. Ал ерлер болса ауылда қалып, өздеріне көмекке келген әскерилер мен басқа да жұртшылықпен бірге елді мекенді қорғауға күндіз-түні атсалысты. Қазір мұнда келетін жол құрғақ, ауыл адамдары үйлеріндегі тұрмыстық заттарын, төсек-орындарын далаға шығарып, кептіріп, тіршілік қамына белсене кірісіп те кеткен. Мұндай жағдай Теміртаудың оң жағалауындағы су кірген көше тұрғындары басында да бар. Олар да үйлердің жер-төселеріндегі суды электр насос-тардың күшімен сыртқа төгіп, үй ішінің заттарын далаға шығарып, кептіріп, қалыпты тұрмысқа бет алған. Қазір мұндағы материалдық шығынды есептейтін комиссия іске кіріскен, енді бірер күнде қай үйге қаншалықты шығын келгені толық есептеліп, одан кейін оның өтемақысын кім қалай төлейтіні белгілі болады.



Қала басшылығы шеттегі жетпістен аса үйдің су тасқынынан зардап шеккенін мәлімдеп отыр, қазір олардың әрқайсысына тәуелсіз бағалаушы барып, қандай шығын келгенін құжаттарды толтыруда. Әрине, шығын бірдей емес, бірінде аз, екіншісінде көп дегендей әрқалай. Комиссияның жұмысын қала әкімі Нұркен Сұлтановтың өзі қадағалауда.

– Біздің мақсатымыз табиғи апат салдарынан тұрғындарға келген шығынды толық көлемінде бағалау және барынша тезірек көмек көрсету. Осы жағдай белгілі болған кезде, біз әр үйдің тұрғынын әкімдікке шақырып, өтемақының көлемін белгіледік, зардап шеккендерге көмек көрсетуге қажет қаражат қалада бар, бұл іске Төтенше жағдайлар жүйесі негізінде отыз миллиондай теңге қарастырылып отыр. Комиссия өз жұмысын аяқтағаннан кейін өтем-ақы төлеу басталады.– дейді қала басшысы.

Қазір басқа да елді мекендерде осындай жұмыстар қолға алынуда. Билік табиғи апаттан зардап шеккен адамдардың шығындарын толық есепке алып, барлық мүмкіндіктер мен резервтерді пайдалана отырып, жәрдемдесуге дайын. Бұл жағдайдан қаланың қоғамдық ұйымдары, бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, кәсіпкерлер мен қарапайым тұрғындар да шет қалып отырған жоқ. Бәрі де қолдан келгенше бірінші кезекті заттарды, азық-түлікті жинап, өздерінің жәрдемдерін беруде.



Алғыс айтамыз

Ғ.Мұстафин кенті, Алмағамбетов көшесі, № 68 үй тұрғыны Төлеген АҚПАНОВ:


– Біз тұратын Ғ.Мұстафин кентінің биылғы апаттан көп зардап шеккені мәлім. Шынына келсек, мұндай жағдай болатынын басшылық бірнеше күн бұрын айтып, қажетті қауіпсіздік шараларын жасауды және апатты жағдайда не істеу керектігін хабарлаған еді. Бірақ адамдардың көбі бұған салғырт қарады, менің де үйім су астында қалды. Дегенмен, қайырымды жандардың көмегімен қиыншылықты жеңіл өткердік. Күн сайын осындағы «Чайка» кафесінде үш мезгіл тамақтандық, мұндағы барлық аспаздарға, көмектескен ерікті қыз-жігіттерге шексіз алғысымызды айтамыз. Барлық қажетті заттар: төсек-орын, азық-түлік дегендей бәрі берілді. Мұндай қамқорлыққа алғысымыз шексіз.

Ғ.Мұстафин кентінің тұрғыны Роза КӨКЕНОВА:

– Алдын-ала ескерту алғанымызға қарамастан тілсіз жау ойламаған жерден келіп қалды. Әйтеуір үйдің төбесіне шығып үлгердік. Біздің көршілер де, тіпті үлкен кісілер де солай етуге мәжбүр болды. Төтенше жағдайлар құтқарушылары келіп, шығарып алды. Әсіресе, полиция және өрттен қорғау қызметіне үлкен рахмет айтқым келеді. Олар бізді төбеден еппен түсіріп, қауіпсіз жерге жеткізді. Бұл кезде өзіміздің ауылдастарымыз Ерлан Түсіпов, Нариман Шаукенов те жанқиярлықпен басқаларға жәрдем берді. Олар тіпті құтқарушылармен бірге күндіз-түні жүріп, адамдарға көмектесті. Кенттің қаланың басшылары, мемлекеттік қызметтер бұл жағдайда аса жедел, әрі тиімді жұмыс істегенін өз көзімізбен көрдік. Көп-көп рахмет.

Тоқтар ауылының тұрғыны Гүлнұр САПАРОВА:

– Біз қалаға таяу орналасқан Тоқтар ауылының тұрғындары да биылғы су тасқынынан айтарлықтай зардап шектік, үйлеріміз судың ортасында қалды. Бірақ облыс, қала басшылығының, қоғамдық ұйымдардың, жалпы жұртшылықтың арқасында бұл қиындыққа мойымадық. «Көппен көрген ұлы той» дейді ғой халқымыз, үйлерімізді су алса да, жан-жақтан келген көмекті көріп, көңіліміз босады, жүрегімізді бір ел-жұртқа деген ризалық сезім биледі. Біз өзімізді жалғыз деп санаған жоқпыз, осындай жан-жақты қолдау, көмек көрсеткен, соны дұрыс ұйымдастыра білген облыс және қала басшылығына айтар алғысымыз шексіз. Қажетті азық-түлік, киім-кешек, малымызға жем-шөп, үйімізге отын түсірілді. Мұның бәрі елдің арқасы.



Ассамблеяға – 20 жыл

19 сәуір жексенбі күні болса да, металлургтер қаласы үшін аса қауырт та қызғылықты іс-шараларға толы болды. Бұл күні құрамында түрлі республикалық министрліктер мен мемлекеттік органдардың 110 өкілі, мәдениет, медицина, білім беру қызметкерлері, әртістер мен музыканттар бар үлкен делегация Теміртауға табан тіреп, жұртшылыққа қызмет көрсетті.



«Менің Қазақстаным» поезы қаламызда



«Менің Қазақстаным» үгіт поезы биылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай елді аралауға шыққан еді, Теміртау олардың жолындағы жиырма бесінші қала. 23 наурыздан бері жолда жүрген бұл үлкен үгіт тобы тоқтаған жерде тұрғындарға сан салалы қызмет пен көмек көрсетіп келеді. Бұл жөнінде поездың директоры Ғазиз Телебаев былай әңгімелеп берді:

– Үгіт поезының құрамында түрлі саланың мамандары бар, олардың әрқайсысы тек маман ғана емес, өз істерінің жоғары білікті шеберлері. Ал-



маты, Астана қалаларының ең үздік медицина орталықтарының өкілдері халықты қабылдап, дәл диагноз қойып, қажет жағдайда республикалық емдеу орталықтарына жолдама да жазып береді. Сондай-ақ еліміздің еңбек сіңірген өнер қайраткерлері, халық артистері, көпшілікке танымал әншілері



жұртшылықтың ыстық ықыласты қабылдауына ие болып келеді. Концерт бағдарламасы үлкенге де, кішіге де ұнамды, онда ән де, би де, күй де, түрлі халықтың әуендері де бар.


Теміртауға келіп орналасқаннан кейін мамандар бірден жұртшылықты қабылдауды бастады. Министрлік өкілдері мен Мәжіліс депутаттары қалалық мәслихатпен бірігіп, қоғамдық қабылдау жүргізді. Одан кейін олар «Н.Назарбаевтың этносаралық және қоғамдық келісім жөніндегі қазақстандық моделі» деген тақырыпта бірнеше лекция оқыды. Бұл күні қала мектептері ұстаздары үшін бірнеше қызықты кез-





деп аталатын жүзтомдықтың жарық көруі. Бұл облыстағы басты мәдени мұраның бірі болып тарихқа енді. Жыл ішінде атқарылған ізгілікті істердің тізімі мұнымен шектелген жоқ, Бұқар жырау ауданында, Қарағанды және Жезқазған қалаларында жұртшылық «Қолжетімді баспана» бағдарламасымен жаңа пәтерлерге ие болды. Осакаров кенті мен Ақтоғай ауылында қазіргі заманғы денешынықтыру, сауықтыру кешені, Приозерскіде 200 орындық бала бақша, ал Балқашта жаңа нан заводы, отбасылық дәмхана іске қосылды. Бұдан басқа да ізгілікті істер аз емес, биыл Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңістің 70 жылдығы, соған орай соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне көрсетіліп жатқан құрмет толассыз. Аймақ басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы аясында облысымызда тағы да бірнеше өндірістік және әлеуметтік нысандардың пайдалануға беріліп, халық игілігіне айналатынын жеткізді.

— Осыдан жиырма жыл бұрын Президентіміздің тікелей басшылығымен Қазақстанда тұратын жүзден аса



десу болды. Поезд құрамында республикалық байқаулардың, «Жыл мұғалімі» конкурсының жеңімпаздары, еліміздің ең үздік педагогтары бар еді. Олар жергілікті мектеп мұғалімдерімен тәжірибе алмасып, он екі жылдық оқуға көшу жөніндегі жаңа ғылыми жобаның тұсаукесерін өткізді. Жалпы бұл күнгі кездесулерге қаланың көптеген тұрғындары қатысып, бес жүзден аса өздерін толғандырған сұрақтарға жауаптар алды. Оның ішінде 307 адам медицина саласына байланысты мәселелерді әңгіме өзегіне айналдырып, сұрақтарын берді. Он төрт тұрғынға Астана және Алматы қалаларындағы медицина орталықтарына емделуге жолдамалар берілді. Ал 59 кәсіпкер шағын және орта бизнестің дамуына, өз істерінің кедергісіз алға қадам басуына және мемлекеттік гранттарға байланысты



ген еді. Біздің металлургтер шаһары да Тайқазанды аса жоғары салтанатпен қарсы алды. Мәдениет сарайының алдына қызыл кілем төселді. Түрлі этномәдени орталықтардың өкілдері мен жастар қошемет көрсетті. Тайқазанды алып жүру мәртебесіне ие болған қаламыздағы грек «Понтос» этномәдени орталығының жетекшісі Деспина Касапиди бар төрт адам оны көтеріп, сахна төріне шығарды. Бұдан кейін облыс әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков сөз алып, Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық қатынастарды, ел ішіндегі достық пен өзара түсіністікті, төзімділікті дамытуға ерекше үлес қосып келе жатқанын әңгімелеп берді. Аймақ басшысы Қарағанды облысы тұрғындарының осы ізгілікті іске қосқан үлестерін саралап, баяндады. Соның қатарында «Сарыарқа кітапханасы»

ұлт өкілдерінің басын қосқан Ассамблея құрылған еді. Этносаралық ауызбірліктің, төзімділіктің, бауырмалдықтың белгісіндей осы қоғамдық ұйым Тәуелсіз еліміздің игілігіне қызмет етіп келеді. Сонымен бірге әр халық өзінің ұлттық тілін, дәстүрін, салт-санасын дамытып, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруде. Бұл тек Қазақстанға ғана тән келісім мен бірлік көрінісі. Біз сол үшін бақыттымыз, біз Қазақстан гректері өзіміздің Отанымыз, туған жеріміз осы Қазақстан деп білеміз, бір ел, бір тағдыр, бір Елбасы! — деді өз сөзінде Деспина Ивановна Касапиди.

Облыс әкімі Н.Әбдібеков Тайқазанға Қарағанды облысында атқарылып жатқан ізгі істердің тізімі жазылған кітапты салды. Ол енді өзінің ең соңғы сапары — Астанаға бет алады.

Мұнан соң үш сағатқа созылған

үлкен концерт болды. Онда еліміздің аты көпке мәлім өнерпаздары сахнаға шығып, халықты ән-жырмен сусындатты. Олардың қатарында ҚР халық әртісі Ескендір Хасанғалиев, Нағима Есқалиева және елімізге еңбек сіңірген өнер қайраткерлері Алтынай Жорабаева, Толқын Забиров, Жеңіс Сейдоллаұлы, Татьяна Бурмистрова, Ділназ Ахмадиева, көпшіліктің сүйікті әншілері Біржан Хасанғалиев, Өлішер Кәрімов, Серік Ибрагимов, Роман Ким, Мақпал Исабекова, «Гүлдер»



ансамблінің бишілері, домбырашылар, «Кешью», «Мұз АРТ», «Лашын» топтары және басқалар болды.


Концерт шымылдығы халқымыздың аяулы перзенті, әйгілі композитор Ескендір Хасанғалиевтың «Атамекен» әнін концертке қатысушы барша өнерпаздардың қосыла шырқауымен және зал толы көрермендердің тік тұрып қошемет көрсетуімен жабылды.

**Руза АЛДАШЕВА,
Серікгүл АЛТАЙБАЕВА**

мәселелерді ортаға салса, Әділет басқармасына қатысты 27 сұрақ берілді. Қалалық тарихи-өлкетану мұражайында қоғамдық келісім, этносаралық қатынастарды қалыптастыру жөнінде семинар-тренинг өтті. Сондай-ақ қала кітапханаларына Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты жөнінде ғылыми еңбектердің толық жинағы сыйға тартылды.

Кешкі сағат бесте қалалық мәдениет сарайы тағы бір үлкен іс-шараны өткізуге қызу қамданды. 6 ақпанда Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының ашылуы салтанатында «Қазақстан халқы Ассамблеясы — 20 ізгілікті іс» республикалық эстафетасы басталып, оның белгісі ретінде қазақ халқының дархандығын, қонақжайлылығын, кеңпейілділігін білдіретін Тайқазан елді аралауға жол тартқан еді. Бұл акция осы «Менің Қазақстаным» поезімен бірге еліміздің барлық облыстарын аралап, әрбір аймақтарда атқарылған жиырма ізгілікті істің куәсі болып, Теміртауға табан тіре-





Ер есімі – ел есінде

Ауқымы мен ауыртпалығы, құрбаны мен қаталдығы жағынан екінші дүниежүзілік соғысқа тең келер сұрапыл болмаған екен тарихта. 1418 күнге созылған Ұлы Отан Соғысы жеңіспен аяқталса да оның жарасы жетпіс жылда жазылмай, жүректі мұздатып, жанды сыздатып сағынышты маздатып маза берер емес елге. «Тұяғы тегіс тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ» деп халқымыз осындай нәубетте айтқан ғой. Өйткені бұл қырғында асқақ арманы, үкілі үміті ойрандалмаған бірде-бір отбасы қалмады. Кең байтақ қазақ даласынан 1 млн. 200 мың сен тұр мен атайын дейтін аптал азамат алынды алғы шепке. Құмырсқаның илеуін бұзуға да құдіреттен қорқатын көген көздер қолдарына суық қару алып қан майданға аттанып кете барды. Солардың бірі «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені мен оннан аса медальдар иегері Ғани Қабылбекұлы Әбішев. Ел үшін, жер үшін аянбай соғысқан азаматтың есімі ұмытылған емес, оның ісін ұрпақтары, шәкірттері жалғастыруда.

қалады да, қасындағылар оны сол жерде қаза тапты деп өлгендер тізіміне жазады. Әскери бөлім елге қара қағаз жіберіп те қояды, бірақ сол жолы немістердің тұтқынында ес жияды. Өзі жазғандай «милларов» түрмесінде азапталып көрмегенді көреді.

Дана әкенің даңқы өшпейді



Елге жеңіспен оралған жауынгер 9 баланың әкесі Ғ.Әбішев ұрпақ тәрбиелеу арқылы өз заманының заңғар биігіне жеткен ардагер. Теміртау қаласына тиіп тұрған Тегісжол ауылының үлкен-кішісі атын атамай «мұғалім» дейді екен. Бұл оның парасаты мен пайымына, білімі мен іліміне елдің берген аты. 1911 жылы 12 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылында дүниеге келген. Ол ата-анадан жалғыз ұрпақ еді. Көзі ашық, көкірегі ояу бозбала білімсіз өмірдің тығырыққа тірейтінін тез ұқты. Әке-шешеден ерте айырылса да оқуға талаптанып Семей қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курсты оқып бітірді. Орысша-қазақшаға жетік ұстаз куәлігін алып білім сарайының баспалдағына қадам басты. Содан соғыстағы бес жылды алып тастағанда 45 жыл бойы қажыр-қайратын, қарым-қабілетін бала оқытуға арнады.

Ғ.Әбішев 1941 жылдың қараша айында кеңес жауынгері қатарына алынған. Оның ұстаздық тәрбиешілікке бейімділігін, өмірлік ұстанымының беріктігін әскер басшылар дұрыс тани білді, сөйтіп ол арнайы курста оқып біраз дайындықтан кейін жаяу әскерді жеңіске жігерлендіретін саяси жетекші лауазымында ұрысқа кірді. Бұл соғыстың нағыз түтеп тұрған кезі. Әр шаршы метр жер үшін кескілескен айқас жүріп жатты, әр елді-мекен қолдан-қолға өтті. Себебі Украина бағытындағы соғыс өздерінің пайдасына шешілетініне күмәні болмады фашистердің. Осындай бір айқаста, 1942 жылы 20 шілде күні Ғани Әбішев ауыр жарақат алды, окоптың артқы қабырғасына тиіп домалай жарылған гранатаның екпінімен көміліп



Бұл жерде өзі жазғандай дегенді бекер келтірген жоқпыз біздің қолымызда отбасында мұқият сақталған екі блокнот, онда Ғани Қабылбекұлының соғыс жылдарында өлеңмен жазған сағынышты өлеңдері күні бүгінгідей ап-анық оқылады.

«Мен сенем бұл соғыстан қаларыма, Немісті бағындырып аларыма, Ұшқыр ат ұзақ жолға шаба алмайды, Жерім кең, халқым қолдап жатыр тылда», деп бұл сұрапылды халқымыздың жеңіспен аяқтайтынына сенімділігін, оның үстіне кеңес



әскерін аса білікті қолбасшылардың бастап жүргенін:

«Маршал бар – саны бесеу қыран жүйрік, Ішінде Буденный мен Ворошилов, Біреуі Тимошенко майданда жүр, Кулик пен бесіншісі Шапошников», деп жыр жолдарын тізілтіпті. Қаһарлы қыста неміс әскерінің сиқын айғақтайтын мына бір жолдарды оқудың өзі қызық.

«Немістің жаз өткен соң сәні кетті, Сарыаяз сақылдаған суық қатты, Қысында қырық үштің қаңтар туып, Үсініп соғыса алмай арам қатты».

Ғ.Әбішев соғысқа алынғанда артында он сегіз жаста қосылған өрімдей сүйген жары Гүлжихан, төрт баласы қалған еді. Әрбір өлеңінде солардың атын атап, сағынышты көңіл-күйін жырмен жеткізуге ұмтылған.

«Ғалымбай, Маратай мен Сәкенайды, Сағындым Күләтай сен төртеуінді, Түсімде түнде көрсем, күндіз жоқсың, Қайтейін ішім өрт боп өртенеді», десе енді бірінде:

«Хош қалқам, өлең жаздым бірер ауыз,

бір шамасын жазған, оның ішінде «Қылаң қарақшы», «Тәуке батыр», «Арқалық батыр», «Пайғамбар туралы аңыз» деген тақырыптар қойылған көлемді-көлемді шығармаларды да көруге болады.

– Әкем 1945 жылдың күзінде аман-есен елге оралып өзінің сүйікті мамандығы бойынша мұғалімдік қызметін жалғастырды. Соғыстан кейін отбасымызға тағы да бес бала қосылдық. Әкем өте қонақжай, бауырмал кісі еді. Балаға ұрыспай ақылмен, өнегемен тәрбие беру керек дегенді ескертіп отыратын. Біздің балаларға ұрысып жатқанымызды естігенде «соғыста контузия алған менен гөрі сендердің жүйкелерің жұқа» деп ренжіп отыратын, – дейді әке жолын қуып ұстаздық етіп жүрген қызы Зәуреш.

Тегісжол ауылындағы мектеп басында орталау, кейін бастауыш оқу орны болды, міне осында ҰОС-ның ардагері, ұлағатты ұстаз Ғани Қабылбекұлы барлық саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнады, ұзақ жылдар директор болды. Өзінің 9 баласының бәріне өнегелі тәрбие берді, оқытты, өркендетті. Жары Гүлжихан 49 жасында қайтыс болғанда балаларының ең кішісі небәрі 4 жаста болған екен. Сәбилерінің жағдайына қарап қайта үйленбей, үйдің де, түздің де жұмысын өз мойнымен көтере білген. Бұл күнде ұрпақтарының әрқайсысы өмірден өз орындарын тапқан, үшеуі әке жолымен ұстаздық қызметте, ал қалғандары бірі инженер, бірі электрик, бірі тракторшы дегендей бақытты да бейбіт заманда өмір сүріп жатыр. Ғани Қабылбекұлының алдынан білім алған шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде, сан салада еңбек етуде. Солардың бірі Қабдыраш Омаров, Ықылас Удинов, Еркін Халықов сияқты азаматтар өздерінің айтулы ұстаздарын үнемі «мұғалім» деп құрметтеп еске алады.

– Жазда 2-3 ай демалыста оқушылар бригадасын құрып, совхоздың бау-бақшасында жұмыс істеуші едік, әжептәуір елқатарлы табыс табатынбыз, мектепке керек-жарақты өзіміз сатып алуға жетерлік ақша болушы еді. Қазіргі кәсіпкерлік дегенді мұғалім сол кезде біздің бойымызға сіңіре берген екен, – деп ризалық білдіреді бәрі де.

Өзінің азаматтық парызын өтеп Отанды қорғаған ержүрек жауынгер, өнегелі отағасы, елге сыйлы ардагер 1995 жылы 84 жасында өмірден озды. Қазір оның тоғыз баладан 23 немере, 30 шөбере, 7 неменесі өсіп, Тәуелсіз Қазақстанда гүлдей жайнап өркендеп өмір кешуде. Бір кездері бейбіт күн үшін, ел мен жер үшін басын бәйгеге тіккен азаматтың асыл армандары орындалып, үкілі үміті ақталды, оның ісін ұрпақтары жалғастыруда. Дана әкенің даңқы ешқашан өшпейді.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Самарқандық жауынгерлер! Ендерді мәңгі есте сақтаймыз!

Суреті сақталмаған

КОЗЛОВ

Василий Петрович

Воронеж майданы 40 - армиясының сержанты.

1922 жылы Саратов облысы, Черкасский ауданының Коляр селосында туған. Самарқанд поселкесіндегі КарГРЭС-1-дің қазандық цехында слесарь болып жұмыс істеген.

Әскер қатарына 1942 жылы 26 маусымда Қарағанды қаласындағы Киров аудандық әскери комиссариаттан шақырылған. Курск облысын жаудан азат еткен. 1943 жылы 2 ақпандағы шайқаста оққа ұшқан. Курск облысы Горшеченский ауданының Ивановка селосында жерленген.

Суреті сақталмаған

КОЛЕСНИКОВ

Владимир Акимович

63 атқыштар дивизиясының 291-ші атқыштар полкінің ефрейторы.

1901 жылы Воронеж облысы Добринский ауданының Мартеновка селосында туған.

Самарқанд поселкесіндегі КарГРЭС-1-де жұмысшы болып істеген. Әскерге 1942 жылдың 10 қаңтарында Қарағанды қаласындағы Киров аудандық әскери комиссариаттан шақырылған. Курск облысын жаудан азат еткен. 1943 жылы шайқаста қаза тапқан. Курск облысының Карнауховка селосында жерленген.




КОЛЕНО

Василий Лаврентьевич

69 армия 63 атқыштар дивизиясы, 234-ші атқыштар полкінің взвод командирі, сержант.

1909 жылы Харьков облысында туған. Әскерге 1941 жылы 27 маусымда Қарағанды қаласындағы Киров аудандық әскери комиссариаттан шақырылған. Воронеж майданының құрамында Белгородты, Харьковты, Полтаваны азат еткен. Бірінші Белоруссия майданында Польшаны азат етуге қатысқан. Германиядағы шайқаста ауыр жараланған. 1945 жылы 18 сәуірде 85-ші жылжымалы эвагоспитальда қайтыс болған. Германиядағы Реппен қаласы, Фридрих Вилли поселкесіндегі госпитальдық зиратқа жерленген.



бүгін мұндай игілікті шара №4 орта мектепте болып отыр, – дейді қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Нина Вахитова.

№4 орта мектеп ұжымы бұл шараға жақсы дайындық жасап, ардагерлерді ақ дастарқан басына жинап, бір шыныаяқ шай үстінде марапаттауды жөн көріпті.

– Қымбатты ардагерлер, сіздердің ерен еңбектеріңіз біздің өскелең ұрпақ үшін үлкен тәрбие мектебі, сондықтан баршаңызды Ұлы Жеңістің 70 жылдығымен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық тілеймін, – деп ақ тілектер тиегін ағытты №4 орта мектеп директоры Шолпан Мұратқызы.

Мұнан соң қалалық мәслихат депутаты Сергей Гулько да сөз сөйлеп, ардагерлерді депутаттар корпусы атынан құттықтады. Ал Нина Тимофеевнаның жүрекжарды лебізіне жиналған ардагерлердің көңілдері босап, жанарларын жасқа малды. Осындай тебіреніске толы

Тағзым

Елбасының тапсырмасына сәйкес еліміздің барлық өңірлерінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне жан-жақты құрмет көрсетіліп, Жеңісті жақындатқан жандарға мерекелік медальдар салтанатты түрде тапсырылуда. Бұл шара біздің қаламызда да кең көлемде жүргізіліп, мәдениет сарайында, балалар мен жасөспірімдер театрында, сонымен қатар барлық білім ошақтарында ерекше екпін алды.

– Өрине, мұндай ортақ іске барша теміртаулықтар атсалысуда, соның ішінде оқу ордалары ардагерлерге құрмет көрсетіп, оларды шақырып, балалармен кездесулер мен емен-жарқын әңгімелесулер өткізіп, соғыс жылдарындағы ерен ерліктер

мен жанқиярлық еңбек жайында алдыңғы толқынның өз ауыздарынан естеліктер естіп, ешкімнің де, ешнәрсенің де ұмытылмайтынын тағы бір рет жадымызға салып отыр. Бұл құптарлық жайт, дегенмен, көптеген ардагерлеріміз өз

Мерекелік медальдар тапсырылды

беттерінше жүріп-тұра алмайды, мұндай жиындарға келіп қатыса алмайды. Сондықтан біз ешқайсысын ұмыт қалдырмай, баршасына назар аударып, үйлеріне барып мерекелік медальдарды тапсырамыз. Міне,

сәт мерекелік медальдар тапсырумен жалғасты. Ал мектеп оқушылары болса ән-жырдан, биден шашу шашып, концерттік бағдарлама ұсынды.

Өз тілшімізден



8 Телебағдарлама

№ 16 (18) 24 сәуір 2015 жыл

27 сәуір - 3 мамыр

27 сәуір, дүйсенбі



07.00 «Таңшолпан»
10.00 Апта
11.05,21.05 Айтуға оңай
11.45 «Қыздар»
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 03.00 Жаңалықтар
12.45,22.40 Ұлы Жеңіске – 70 жыл
12.45,01.40 Дауа
13.25 Білгірлер бәйгесі
14.15 «Ақсауыт»
14.50 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00 Менің Қазақстаным
17.50 Өзекжарды
18.10 «Айналайын»
19.00 «Заң және біз»
19.35 «Қыздар»
21.50 «Сырғалым» Т/с
23.30 Сіз не дейсіз?
01.00 Көкпар
02.15 Шын жүректен

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00 Жаңалықтар
10.15 Незабытые истории
10.20 Док. фильм
11.00,15.00,18.00,21.00 Новости
11.15 Док. фильм
11.55 спец. Выпуск новостей
12.00 Прямое включение
12.30 Концерт
14.00 Телесериал
15.15,23.35 «Бұйымтай»
15.55 Драма
16.25 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45,18.15 Қызық times
19.00 ТВ Бинго
20.30 Арнайы хабар
21.30 Телесериал
22.20 Телесериал
22.50 «Жекпе-жек»
00.20 Драма
02.15 Бюро расследований

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. Фильм
12.00 «Ду қол шоколад»
12.55,20.00 Телесериал
13.20,02.35 Ашығын айтқанда
14.10,01.50 Паутина
15.30 112
15.40 Судебные истории
16.45 Давай поженимся!
17..50 Пусть говорят
18.55 Худ. Фильм
20.00 Новости
22.20 Телесериал
23.55 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30-09.30 «Таңертеңгілік «5-арнада»
13.00 Вести-недели
06.40,07.10,08.45 «Дәмдес болайық»
07.00 Апта репортажы
07.50,14.35,18.00,22.40 Рекламный визит
08.15 Наши дети
08.20 Время творить
13.00 Вести недели
14.45 Жақсылардан ғибрат
15.05 Док. Фильм
15.45 Моя Караганда
16.15 «Диалоги о животных»
17.10 Сам себе режиссер
18.10 5 арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.35,21.40 Шарайна
20.00,22.00 Новости
20.40 Вести Россия
21.00 Будем здоровы
21.25 Ветераны Карагандинского угольного бассейна
22.50 Худ. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

Профилактика
17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
18.30 2050
19.00 Ойталқы
19.35 Это наша с тобрий биография
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.45,22.45 Уақыт. кз
21.10 Телесериал
23.10 Кино

28 сәуір, сейсенбі



07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 «Сырғалым»
10.55,21.05 Айтуға оңай...
11.40,19.30 Телесериал
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 02.45 Жаңалықтар
12.45,22.40 Ұлы жеңіске – 70 жыл
12.45 Спорт
13.10 «Алаң»
14.00,00.55 Сыр-сұхбат
14.30 Мультфильм
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00,02.00 Жарқын бейне
17.50,00.35 Өзекжарды
18.10 «Айналайын»
19.05 Қылмыс пен жаза
23.30,02.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
01.25 Телесериал

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,23.30,01.00 Жаңалықтар
10.15 Мультсериал
10.55 Подари детям жизнь
11.00,15.00,18.00,21.00,00.00 Новости
11.15,00.05 Драма
11.45 Магия кухни
12.15 Телесериал
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.20 «Бұйымтай»
15.55 Драма
16.30 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45 «Экономкласс»
18.15 Телесериал
19.00 Біздің үй
20.30 Бюро расследований
22.15 Телесериал
23.00 «Арнайы хабар»

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 Ду қол шоколад
12.55,20.00 Телесериал
13.20,02.35 Ашығын айтқанда
14.10 Паутина
14.30,15.00 Телесериал
15.00 112
15.40 Судебные истории
16.55 Давай поженимся!
17.50 Кино
18.50 Пусть говорят
18.55 Худ. фильм
21.00 Новости
22.20 Телесериал
23.45 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30 Таңертеңгілік «5-арнада»
06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,19.30,21.40 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
07.50,14.35, 18.00, 22.40 Рекламный визит
08.00,13.00 Новости
08.30 «Наши дети»
14.00 Ветераны Карагандинского угольного бассейна
14.15,17.45 Азия айнасы
14.35 «Прямой эфир»
16.00 «Сау болайық»
16.10 Телесериал
17.00 «Менің шындығым»
18.10 Моя Караганда
18.10 5-арнадағы ән-әуен + TV – ЧАТ
18.30 В ритме нашего города
19.00 Ваш день
21.00 «Моя планета»
22.50 Худ. фильм
01.00 Әуенді Қазақстан + TV – ЧАТ
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
07.55, 13.20 Әсем әуен
08.50 Телесериал
10.45. 20.45, 22.45 Уақыт.kz
11.10 «Ойталқы»
11.40 Это наша с тобой биография
12.05 Телесериал
18.30 Жеңіс солдаты
18.50 «Мәңгілік мұра»
19.00 «Жаңғырық»
19.30 Тарих тағлымы
21.00 Телесериал
23.05 Кино

29 сәуір, сәрсенбі



29 сәуір, сәрсенбі
07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 «Сырғалым»
10.55,21.05 Айтуға оңай
11.40,19.30 Телесериал
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
12.45,22.40 Ұлы жеңіске – 70 жыл
12.55 Заң және біз
13.35 Қылмыс пен жаза
14.00 Поэзия әлемі
14.25 Мультфильм
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 Келін» Т/с
17.00,01.10 Док. фильм
17.45,23.45 «Өзекжарды»
18.10 «Айналайын»
19.10 Журналисттік зерттеу
21.50 Көк тарландары
23.30,02.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00,01.30 Жаңалықтар
10.15 Мультсериал
10.55 Подари детям жизнь
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.15,00.35 Драма
11.45 Магия кухни
12.30,21.30 Телесериал
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.50 «Бұйымтай»
15.45 Драма
16.25 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45 Мен көрген соғыс
17.55 Незабытые истории
18.15 Телесериал
19.00 Біздің үй
20.30 100 бизнес- истории
22.00 Телесериал
01.50 Арнайы хабар
02.20 Бюро расследований

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 «Ду қол шоколад»
12.55,20.00 Телесериал
13.20,02.35 Ашығын айтқанда
14.10 «Паутина»
14.30,15.00 Телесериал
14.50 112
15.40 Судебные истории
16.55 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Худ. фильм
20.00 Новости
22.20 Телесериал
23.55 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,10.00,19.35,21.35 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
08.00,13.00 Новости
08.30 Наши дети
08.35 Время творить
14.00 Ветераны Карагандинского угольного бассейна
14.15 Эколайф
14.35 Прямой эфир
16.10 Телесериал
17.00 Азия айнасы
17.45 Моя Караганда
19.00 Ваш день
21.05 «Моя планета»
22.50 Худ. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
08.50 Телесериал
09.45 Мультфильм
10.45 Уақыт.kz
11.05 «Жаңғырық»
11.35 Тарих тағлымы
12.00 Телесериал
18.30 Қазақстан - бірліктің бесігі
19.00 Прямой эфир
19.35 2050
21.00 Телесериал
23.00 Кино

30 сәуір, бейсенбі



07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 Көк тарландары
11.00 Айтуға оңай...
11.40,19.30 Телесериал
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
12.45,22.40 Ұлы Жеңіске – 70 жыл
12.45 Агробизнес
13.15 Журналисттік зерттеу
13.40 Сіз не дейсіз?
14.10 Жан жылуы
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00,01.25 Док. фильм
17.50,00.35 Өзекжарды
18.10 «Айналайын»
19.10 Индустрияландыру
23.30,02.00 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
00.55 Қылмыс пен жаза

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00 Жаңалықтар
10.15 Мультсериал
10.55 Подари детям жизнь
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.15,00.25 Драма
11.45 Магия кухни
12.15,21.30 Телесериал
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.40 «Бұйымтай»
15.45 Драма
16.25 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45 Бизнес сыры
18.15 Телесериал
19.00 Жекпе-жек
20.30 Моя история войны
20.45 Жерұйық
22.15 Телесериал
23.10 Біздің үй
01.50,02.50 Арнайы хабар
02.20 Бюро расследований

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 Ду қол шоколад
12.55,20.00 Телесериал
13.20 Ашығын айтқанда
14.30,15.00 Телесериал
15.00 112
15.40 Судебные истории
16.55 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Худ. Фильм
22.20 Телесериал
23.45 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30,20.30 Вести-Россия
07.00 Шарайна
07.35 «Дәмдес болайық»
08.00,13.00,20.00,22.00 Новости
14.00 Моя караганда
14.35 Прямой эфир
15.40 Будем здоровы
15.50 «Жақсылардан ғибрат»
15.35 Телесериал
17.00 Менің шындығым
17.45 Азия айнасы
19.00 Ваш день
22.40 Худ. Фильм
00.25 Әуенді Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
07.55, 13.20 Әсем әуен
08.50 Телесериал
10.45. 20.45, 22.45 Уақыт.kz
11.05 Прямой эфир
11.40 2050
12.00 Телесериал
18.30 «ДАТ»
19.00 Ас болсын!
19.35 Я здоров!
21.00 Телесериал
23.05 Кино

27 сәуір - 3 мамыр

1 мамыр, жұма



07.00 «Таңшолпан»
10.00 Көк тарландары
10.50 Концерт
11.50,19.35 Телесериал
12.40 Иман айнасы
13.05,22.40 Ұлы Жеңіске – 70 жыл
13.20 Ұлттық шоу
14.45 Баламен бетпе-бет
15.05 Әйел бақыты
16.10 «Келін» Т/с
17.00 Жан жылуы
17.30,20.30,00.10,03.00 Жаңалықтар
17.50,02.40 Өзеккарды
18.10 Ғасырлар үні
18.40 Жайдарман
19.00 Менің Қазақстаным
21.05 Айтуға оңай...
21.50 Мерекелік концерт
23.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
01.05 Худ. фильм

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,01.00,02.30 Жаңалықтар
10.15,12.10 Мерекелік концерт
11.00,15.00,18.00,21.00,01.30 Новости
11.10 Прямое включение
12.40 Док. фильм
13.15 Худ. Фильм
15.15 «Бұйымтай»
16.00 Ду-думан
18.15 «Достық жыры»
18.45 Орталық хабар
20.30 Док. фильм
21.30 «Жеті ән»
23.00 Худ. Фильм
01.00 Кино

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
07.00 Телесериал
09.00 Худ. Фильм
10.50 Лев Лещенко
12.05 Ашығын айтқанда
12.50 Караоке такси
13.25 101 кеңес
14.50 Старые песни о главном
16.50 Худ. Фильм
22.20 Телесериал
23.45 сегодня вечером

5 КАНАЛ

10.00,19.35,21.35 Шарайна
10.50,08.40 Дәмдес болайық
11.10 Эколайф
11.30 Жастар
12.00 Ғажайып адам
12.30 Ислам: Сауалдар мен жауаптар
13.00 Не жизнь, а праздник
13.50,14.35,18.00,22.40 Рекламный визит
14.00 Худ. Фильм
15.40 Док. фильм
16.40 Планета собак
17.20 Концерт
18.30 В ритме нашего города
19.00 Ваш день
19.35,21.30 Худ. Фильм
23.20 Док. фильм
00.15 Әуенді Қазақстан + TV - ЧАТ

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
11.05 Ас болсын!
11.40 «ДАТ»
12.00,20.00 «Сто тысяч Я»
14.00 «Ағайынбыз бәріміз»
15.35 Күлегеш
16.00 Арнайы репортаж
16.10 Худ. Фильм
17.20,18.40 «Қазақстан жаһандық көзқараспен»
18.00 «Менің елім - Қазақстан»
19.00 Қуырмаш
19.35 Қазақстан – бірліктің бесігі
21.20,22.20 Телесериал

2 мамыр, сенбі



07.00 Концерт
08.10 Қымызхана
08.40 Агробизнес
09.00 «Субботалық ТАҢ»
10.05,02.40 Дауа
10.40 Ас болсын!
11.25 Әзіл әлемі
13.00 Поэзия әлемі
13.30 Білгірлер бәйгесі
13.45 Поэзия әлемі
14.15 Телесериал
17.30,20.30,00.30,03.15 Жаңалықтар
18.50 Б.Әшірбаевтың шығармашылық кеші
21.00 Субботалық кездесу
22.35 Жайдарман
00.40 Худ. Фильм
02.10 Ғасырлар үні

ХАБАР

07.05 Ду-думан
08.30 Мир в картинках
08.55 Бармысың, бауырым!
09.40 Продвопрос
10.00 Спорт без границ
10.25 Док. фильм
12.25 Худ. фильм
13.40 Орталық хабар
14.25 «Жеті ән»
16.15 Худ. Фильм
18.20 Концерт
19.50 Бенефис шоу
21.00 Жеті күн
22.00 Худ. Фильм
23.50 Худ. фильм
01.30 Телесериал

ЕУРАЗИЯ

06.00,03.50 Кино
06.45 Телесериал
08.00 Таңғы пошта
08.50,21.30 Жаңалықтар
09.00,21.00 Новости
09.10 «Смак»
09.45 Худ. Фильм
11.35 «Фабрика грез»
12.05 Ду қол шоколад
13.00,02.55 101 кеңес
14.50 Старые песни о главном
16.30 Худ. фильм
20.30 «Лучший город»
21.30 Кешкі кездесу
22.50 «Ән-дария»
23.40 Худ. Фильм

5 КАНАЛ

10.05 Дәмдес болайық
10.30 «Өмір ережесі»
11.10 Сыр сандық
11.40 «Нольден бастап»
11.55 Ислам: сауалдар мен жауаптар
12.30 Қазақ тілін үйренейік
13.00 Мусульмане
13.15, 18.20, 22.40 Рекламный визит
13.25 Субботник
14.00 «Будем здоровы»
14.20 Комната смеха
14.30 Планета собак
15.00 Специальный корреспондент
16.40 Концерт
18.30 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.30 Городок
20.20,22.30 Худ. фильм
23.45 Әуенді Қазақстан
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Әсем әуен
10.00 Арнайы репортаж
11.05 Я здоров!
11.30 «Сто тысяч Я»
12.10 Худ. Фильм
14.00 Концерт
16.00 Телесериал
18.00 Бумеранг
18.35 Қазақстан – бірліктің бесігі
19.00 Жаңғырық
19.30 ДАТ
19.55 Жайдарман Қарағанды

3 мамыр, жексенбі



07.00 Концерт
08.00 Қымызхана
08.30 Ақсауыт
09.00 Бүгін Воскресенье
10.30 Баламен бетпе-бет
11.55 Телесериал
12.25 Ұлттық шоу
13.45 Жарқын бейне
14.15 Телесериал
16.50 «Мәңгілік ел» Концерт
18.20 Әзіл әлемі
20.00, 00.00 АПТА.KZ
21.05 «Асыл Ана»
23.05 «Алаң»
23.55 Худ. фильм
01.50 Көкпар

ХАБАР

07.00 Ду-думан
08.30 Айбын
09.00,10.00 Жеті күн
10.00 Ас арқау
10.20 Спорт әлемі
10.50 Кино
13.55 Бенефис-шоу
14.30 «Бұйымтай»
15.10 Худ. Фильм
17.50 «Отаным десем...» Концерт
19.50 Қызық times
21.00 Жеті күн
22.00 Худ. Фильм
23.55 Худ. фильм
01.55 Телесериал

ЕУРАЗИЯ


06.00 Жаңалықтар
07.40,11.55 Кешкі кездесу
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 Новости
09.10 «Здоровье»
10.10 «Казлото»
10.45 «Лучший город»
13.05 Караоке такси
13.40,03.15 101 кеңес
14.05 «Ән дария»
15.00 Угадай мелодию
16.55 Худ. Фильм
19.50 «Наша война»
21.00 Аналитика
23.05 Точь-в-точь

5 КАНАЛ

10.00 Шарайна
10.40 «Жақсылардан ғибрат»
11.15 Азия айнасы
11.35 Время творить
12.00 Утренняя почта
12.30, 17.30, 22.20 Рекламный Визит
12.40 Сто к одному
13.30 Танцы со звездами
16.30 Планета собак
17.00 Мир православной духовности
17.40, 21.55 Прогноз погоды
17.45 «Сайгез»
18.15 5-арнадағы ән-әуен + TV-ЧАТ
19.00 Ваш день
19.30 Честный детектив
20.00 Худ. фильм
21.50 «Сау болайық!»
22.05 Худ. фильм
23.50 «Әуенді Қазақстан» +TV-ЧАТ
02.30 Деректі фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

11.15 Жайдарман Қарағанды
12.30 Худ. Фильм
14.00 Концерт
16.00,00.00 Концерт
18.00 Ас болсын!
18.35 «Қазақстан жаһандық көзқараспен»
19.00 Мерекелік концерт
20.00 «Сто тысяч Я»
20.45 Қазақстан – бірліктің бесігі
21.05 «Обсудим»
21.40,22.05 «Жеңіс солдаты»




Металлургтер көмегі

Биылғы көктем Теміртауға үлкен сынағын ала келді. Әсересе қаланың ескі бөлігіндегі жағдай тым күрделі еді. Мұнда 46 жеке меншік үй судың ортасында қалды. Ондаған тұрғын дереу қауіпсіз жерге көшірілді. 800 метрге жуық бөгет жасалды. Бұл енді айтуға оңай болғанмен орасан зор адам және техникалық ресурстарды қажет ететін қомақты жұмыс еді. Қала әкімі Н.Сұлтанов бірден «АрселорМиттал Теміртау» АҚ басшылығынан көмек сұрады.

Уақытпен санаспай

– Біз өзіміздің металлургтер тұратын, өзіміз еңбек ететін қала осындай табиғат апатына тап болғанда қолғабыс жасамай отыра алмайтынымыз айдан анық. Күн-түн демей бірден іске кірістік. Көлік те, адам күші де жұмылдырылды. Мамандар төтенше жағдайлар құтқарушыларымен бірігіп қауырт іске кірісті. Соның нәтижесінде су деңгейі төмендеп апат азайды. Токаревка маңайындағы жиналған сенді босатуға да қыруар техника тартылды, – дейді компанияның атқарушы директоры Иво Хмелик.

Шын мәнінде комбинат орын алған апатты жағдайды қалпына келтіру үшін 10 сәуірден бастап қауырт іс-қимыл режимінде жұмыс жасағаны белгілі. Осы компанияның 4 БелАЗ, 1 ауыр салмақты көлігі жөндеу цехының экскаваторы, конвертор цехының техникасы су тасқынының зардаптарын жоюға тәулік бойы жұмыс істеді. Адамдарды қауіпсіз жерге шығаруға бөлінген автобустар да аса көп болды. Компанияның көмегі тек техника, адам күшін бөлумен шектелген жоқ, мұнда «Бірге көмектесеміз» деген қайырымдылық акциясы жарияланды. Сөйтіп барлық цехтар, бөлімшелер бір кісідей азық-түлік, дәрі-дәрмек, төсек-орын жинастырып, баспаналарын тастап шығуға мәжбүр болған жандарға тапсырды. Қазір тасқын қаупі сейілді. Қала басшылығы, зардап шеккен тұрғындар металлургтерге шынайы алғыстарын айтуда.



Жақында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықованың Француз Республикасына сапармен барды. Сапар барысында ҚР Мемлекеттік хатшысы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде болып, Ұйымның Бас директоры Ирина Боковамен кездесті. Тараптар әңгімелесу барысында ЮНЕСКО мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейін, сондай-ақ Қазақстанның ЮНЕСКО-ның мәртебелі мақсаттары мен қағидаттарына деген ұстанымының өзгермейтінін атап өтті. Оған қосқан нақты үлесі ретінде ЮНЕСКО аясында Қазақстанның бастамашылығымен Мәдениеттерді жақындастырудың 2013-2022 жылдар кезеңіндегі халықаралық онжылдығын ілгерлету екені атап айтылды. Мемлекеттік хатшы ЮНЕСКО

Төрт құбыла



Ел жаңалықтары

ЮНЕСКО мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық

жетекшісіне білімді, ғылым және мәдениетті, гендерлік теңдікті дамыту үшін Қазақстан Үкіметі қабылдап жатқан шаралары туралы әңгімеледі. Бұл ретте И.Бокова ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол» атты Жолдауының негізгі ережелерімен, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметімен танысты.

ЮНЕСКО-ның Бас директоры Қазақстан басшылығының Ұйымның әлеуетін кеңейтуге, оның ішінде бірқатар бағдарламаларды қаржыландыруға көрсетіп жатқан қолдауын, еліміздің ЮНЕСКО-ның қызметіне белсене қатысуын жоғары бағалады.

Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы идеясын одан әрі ілгерлетудегі Қазақстанның рөлін айрықша атап өте отырып, И.Бокова алдағы отырысына өзі қатысуды жоспарлап отырған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің жаһандық күн тәртібіндегі маңызды рөлін атап көрсетті.

Назар аударсақ, 2014 жылғы қарашада тұңғыш ретадамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының таныстырымдылық тізіміне: домбырада күйді орындау өнері және қазақ, қырғыз киіз үйін дайындау шеберлігі енгізілді. Сонымен қатар, Дүниежүзілік мұралар тізіміне Қожа Ахмет Ясауи мавзолейі, Тамғалы археологиялық ландшафтының петроглифтері, Жібек жолы және Сарыарқа, сондай-ақ Солтүстік

Қазақстанның жазық далалары мен көлдері, Биосфералық қорықтардың дүниежүзілік желісіне Қорғалжын, Алакөл, Ақжайық, Қатонқарағай енді.

Гүлшара Әбдіқалықова Парижге сапары аясында сондай-ақ франциялық «Кампус Франс» білім беру агенттігінің Бас директоры Антуан Грассэнмен, «Париж Сорбонна Сите» университеттер қауымдастығының президенті Жан-Ив Мэрэндомен және қоғам қайраткері, «Сорбонна-Қазақстан» университетін құрудың бастамашысы Марек Хальтермен кездесулер өткізді.

Франция Президенті Франсуа Олландтың 2014 жылғы желтоқсанда Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды назарға ала отырып, тараптар Қазақстан-Француз стратегиялық серіктестігінің басымдықтарының бірі болып табылатын университетаралық ынтымақтастықтың ағымдағы жай-күйі мен келешегін егжей-тегжейлі талқылады.

Атап айтсақ, кездесуде Орталық Азия өңіріндегі француздық алғашқы жоғары оқу орны – «Сорбонна-Қазақстан» университетінің қызметінің мәселелері қаралды. Сондай-ақ үстіміздегі жылы екі елдің жетекші жоғары оқу орындарыбасшыларының қатысуымен Парижде немесе Астанада университетаралық форумды ұйымдастыру туралы

уағдаластыққа қол жеткізілді. Сол күні Қорқыт Ата кітабының алғашқы шығарылымының 200 жылдығына, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның 70 жылдығына орай Халықаралық Түркі академиясы Қазақстан, Әзербайжан, Түркия және Түркіменстанның ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілдіктерімен бірлесіпсалтанатты іс-шара ұйымдастырып, оған Ұйым Хатшылығының, Француз қоғамының, дипломатиялық корпусының, қазақ диаспорасының өкілдері, сондай-ақ ресми делегациялар, ғалымдар, түркітілдес елдердің мәдениет және өнер қайраткерлері қатысты. Аталған іс-шара барысында Қазақ ұлттық өнер университетінің симфониялық оркестрі Қорқыттың белгілі туындыларын ұсынды.

Іс-шараның ашылуында сөйлеген сөзінде Г.ӘбдіқалықоваҚорқыт бейнесі Еуразияның бүкіл кеңістігіндегі түркі халықтарының мәдени және рухани дәстүрлері үшін алтын көпірге болып табылатынын атап өтті. Ол сондай-ақ, «Қорқыт ата кітабы» түркі халықтарының мұрасы ғана емес, барша адамзаттың игілігі екенін айтты.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы іс-шараның осындай жоғары деңгейде өткізілуіне жәрдемдескені үшін ЮНЕСКО-ға алғысын білдіріп, ЮНЕСКО бүкіл әлемнің мәдениеттері арасындағы байланыстырушы буын болып табылатынын атап өтті.

№ 16 (18) 24 сәуір 2015 жыл

ҚР Жер қойнауын пайдалану департаменті тезистері

2015 жылғы қаңтардан бастап «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңына енгізілген өзгерістер күшіне енді.

Келесі өзгерістер жер қойнауын пайдаланушылардың жұмысындағы кедергілерді алуға, салалық құқықтық базаны жетілдіруге, инвестициялық климатты жақсартуға және салаға Тікелей шетелдік инвестициялар тартуға бағытталған.

Заңға енгізілген ба-сты өзгерістер келесі концептуалдық және жүйелік түзетулерді қамтиды:

1. Австралиялық тәжірибенің негізінде жеңілдетілген жер қойнауын пайдалану құқығын беру;

2. Конкур-ста жеңімпазды анықтаудың жаңа тәсілі ретінде Аукционды енгізу (Жеңімпазды анықтау критерий – жазылу бонусу ғана);

3. Қолданыстағы келісімшарттар бойынша міндетті сарап-тамаларды 60%-ға дейін қысқарту;

4. Жер қойнауын пайдаланушы-лар шегінен бұрмаушылықтарды жоюға мерзімдер қарастырылған – келісімшарттық міндеттемелерді орындаудан кешіккендерге шара қолдану сұрақтары бойын-ша құзіретті орган мен жер қойнауын пайдаланушылар қарымқатынастары реттеледі;

5. Өнім көлемі 20% аралығында өзгергенде қатты пайдалы қазбаларды өндіру келісімшарттары бойынша өнім көлемі өзгертулерін келісуден боса-ту – болмашысыз өзгерістермен ұзақ келісімдерді жасап жүгіру қажет емес;

6. Міндетті проекттік құжаттар тізімінен ТЭН-ді (Техникалық-экономикалық негіздеме) алып тастау – қосымша сарапшылықты алып тастау.

7. Келісімшарттық терри-торияны кеңейту бөлігіндегі кемтіктікті жою – төмен рентабельдік қалдық қорларды қосымша істеуге мүмкіндік береді, ол Сөніп бара жатқан кендірдің өмірін бірнеше жылға созады.

II. Заңнаманы реформалаудың келесі кезеңі, Ел басымен тұжырымдамалық түрде қолданылған Қазақстан Республикасы Жер қойнауы Кодексі жасау болады.

Жер қойнауы кодексімен келесі қарастырылатын болады:

- инвесторларға кобірек кепіл;
- австралиялық құқықтың қадағалауға толықтай өту (арнай онлайн жүйеде жер қойнауын пайдалану құқығын 15 минут ішінде беру жоспарланған);
- геологиялық ақпаратқа толық қол жеткізу;
- JORC халықаралық пайда-лы кенбайлық қорларын есептеу стандарттарын енгізу;
- жер қойнауын пайда-лану саласындағы юниор компаниялардың қор биржасын дамыту.

Өз тілшімізден

Имандылық

Мінеки, дінімізде мүбәрак саналған үш айға да келіп жеттік. «Ережеп», «Шағбан», «Ра-мазан» – барша мұсылман әлемінде қасиетті айларға жатады.



Олардың діни ерекшеліктері жайында көп деректер бар. Қасиетті үш ай бізді терең ойларға жетелейді. Айталық, бойымызды бойкүйездендірген сырқаттан сауығу үшін дәрігерге қаралып, құлан-таза айығып кетуді қаншалықты қаласақ, жан дүниемізге селкеу түсіріп, рухымызды күйзелткен, көңілімізге кірбің келтірген күнәларымызды жуып-шаю үшін де соншалықты өкініш білдіріуіміз керек емес пе? Бұл қасиетті күндер мен түндерде адам ешбір дәнекерсіз өз жан-дүниесімен Ұлы Жаратушыға жалбарынып, Алланы еске алып, тәубе-истифар етіп күнәлармен бірге келмеске кеткен ішкі ізгі-сөзімдеріне қайта ие болуға күш салады. Осылайша, қасиетті күндер мен түндерде жасаған құлшылығымыз бір күні алдымыздан мол қазына болып шығады.

Ережеп мағфирет айы адамдардың күнәсі кешірілетін ай, сол себепті Алла тағаланың айы. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) айтты;

«Жәбірайіл (ғ.с.) маған уахи келтіріп айтты:

- Я, Мұхаммед (с.ғ.с.) сенің үмбетіңнен болған бес түрлі

Ережел

Жанның айы

кісінің жан тапсырар уақыты келсе, Алла тағала әмір өтер, бұл менің сүйікті құлдарымның жанын қинамаңдар. Жаннаттың қай есігінен кірем десе, кірсін деп әмір өтер. Жаннат періштелері бұл кісілерге құрмет көрсетіп мархаба деп тұрар және рухтары әнбия әулиелермен бір болар. Бұл хадисты естігенде Хазрет Омар орнынан тұрып – Я Расулалла, бұл бес түрлі адамдар кімдер деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әй Омар, бұл бес түрлі адамның өздері істеп жүрген тағат ғибадаттары бар. Оны істеген адамдар сол қауымнан болады. 1. Ережеп айы келгенде күнәларына кешірім тілеп, нәпіл ораза ұстап құлшылық етуші адам 2. Алла жолында отан үшін, дін үшін деп өлген шахид. 3. Жұма намазын қалдырмаушылар. 4. Насихатшы ғалымдар. 5. Алланың дидарына ғашық болған тақуалар.»

Бұл үш қасиетті айды қадірлеп, бұл айда нәпіл ораза ұстаудың сауабы үлкен. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінде «**Әр бірімұсылман ең болмаса ережеп айында бір күн ораза ұстаса, нәпіл намаздар оқыса, бұл айда дүниеден өтсе, Алла тағала ол адамның амал кітабына бір жылғы құлшылықтың сауабын жазады**» делінген.

Бұл Ережеп айында екі қасиетті кеш бар, бірі Рағайп кеші, екіншісі мираж кеші. Алла тағала баршамызға осы үш қасиетті айларды берекелі етсін. Жасайтын құлшылық, оразаларымызды қабыл етсін.

Қанат АНАСҰЛЫ,
қалалық мешіттің
бас имамы

Хабарландыру

Сіздерді алда келе жатқан 9 мамыр – Ұлы Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Мықты денсаулық, мол бақыт, қызықты күндер тілейміз.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған қалалық мәдениет сарайында 29 сәуір күні сағат 11.00-де өтетін салтанатты шараға шақырамыз. Бағдарламада – мерейтойлық медальдар тапсыру, «Арселор-Миттал Теміртау» АҚ әкімшілігі мен «Жақтау» кәсіподағынан

ақшалай сыйлықтар тапсыру, комбинат жанындағы балалар мен жасөспірімдер сарайы шығармашылық ұжымдары күшімен салтанатты құттықтау және мерекелік концерт.

Өздеріңізбен мына құжаттар болуы керек:

1. Жеке бас куәлігі;
2. Кәсіподақ билеті.

Осы іс-шараға қатыса алмайтын болсаңыз, онда марапаттар мен сыйақыны ардагердің туған-туыстары келіп мәдениет сарайынан алуына болады немесе 4,5,6 мамыр күндері сағат 9.00-15.00 аралығында Блюхер көшесі 13 мекен-жайы бой-

ынша (ГИПРОМЕЗ) жұмыс істемейтін зейнеткерлер кәсіподағынан алуларына болады. Марапатталушының құжаттарынан басқа алатын адамның да жеке куәлігі болғаны жөн.

Жеңіс күні құтты болсын, қымбатты ардагерлер!

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ әкімшілігі,
«Жақтау» металлургтер кәсіподағы,
«АМТ» АҚ соғыс ардагерлерінің кеңесі,
«АМТ» АҚ жұмыс істемейтін зейнеткерлер кәсіподағы



Қымбатты Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл еңбеккерлері, фашист лагерьлері тұтқындары, блокадашылар – «АрселорМиттал Теміртау» АҚ жұмыс істемейтін зейнеткерлер кәсіподағы комитетінде есепте тұратындар!



Абай Құнанбаевқа – 170 жыл


Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен қаламызда өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, қазақ классикалық әдебиетінің озық үлгілерін насихаттау мақсатында Абай Құнанбаевтың 170 жылдығына арналған облыстық тақырыптық сынып сағаттары байқауының қалалық кезеңі өтті.



Байқауға қаламыздың мектептерінің сынып оқушылары мен сынып жетекшілері қатысып, «Абай өмірі мен шығармашылығы», «Абайдың қара сөздері», «Абай және ән өнері» «Абай-ағартушы» сияқты тақырыптарда өз өнерлерін көрсетті. Байқауда қала

мектептерінен келген оқушыларымыз М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді-көріністер, «Жыл мезгілдері» атты слайд-фильмдер көрсетіп,

ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу шеберліктерін көрсетті. Сондай-ақ Абайдың қара сөздері мен аудармаларын жатқа оқып, әндерін де нақышына келтіре орындады.



Ботакөз Жұмахановна «Абай Құнанбаевтың шығармашылығы» номинациясы бойынша III орынды иеленді. Ал, аймақтар бойынша күндізгі тур қорытындысы (жалпыкомандалық орын) бойынша Теміртау қаласының білім бөлімі I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Д. ХАСЕНОВА,
№10 орта мектеп
Теміртау қаласы



Оқу ордаларында

Жақында №9 мектеп-лицейінде «Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру – білімге ашар жол» тақырыбындағы облыстық семинарда «Кітап – менің ең жақын досым» ата-аналар оқырман клубының кезекті отырысы болып өтті.

Кітап – менің ең жақын досым

Облыстық семинарға Қарағанды қаласындағы білім беруді дамыту орталығының әдіскері Гүлсім Ғаббасовна, Теміртау қалалық білім беру бөлімінің «Кітапхана ісі» бойынша әдіскері Е.П. Филиппов, сонымен қатар облыс мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдері, атап айтқанда Шет ауданы «Ағадыр» станциясынан, №15 Балқаш қаласынан, №7 мектеп Саран қаласынан, Приозерскнің №1,2 мектептерінен, Шет ауданынан, Жаңаарқа ауданынан, №29 Ақтау поселкесінен, Абай қаласы №12 мектебінен және қаламыздың №2, 4, 15, 17 орта мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдері қатысты.

Мырзахметовтар, Рахымбердиевтер, Әрімхан Әмірбек және Исеновтар отбасы мүшелерімен Қ. Әбдіқадыровтың «Әке мен бала» шығармасы оқылды. Мектебімізде дәстүрге арналған оқу сағаттарының отбасымен байланыста болуы оқушылармен басқа ата-аналарға әдеби көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын қалыптастыратыны сөзсіз. Шығарманы 20 минут үнсіз оқу барысында оқушы шыдамдылыққа, өзімен-өзі болуға, ой-толғаныс жасауына, шығармадағы оқиғаны өз бойынан өткізуіне мүмкіндік алады. Ата-анасымен және бауырларымен тақырыпты талдағанда баланың бойынан жаңа қырларын көреміз. Мысалы: «Әке мен бала» шығармасындағы негізгі кейіпкер Александр карт пен Қазақстандық Тойлыбай жауынгердің майдан шебінде танысып, бір-біріне қамқорлық танытуы бауырмалдық пен мейірімділікке тәрбиелесе, әр түрлі ұлт өкілдерінің



қарым-қатынасы достықтың беріктігін паш еткендей. Исенова Хадиса апай немерелерімен осы шығарманы сюжеттік қойылым ретінде көрсетуде «Ақсарбас, Ақсарбас! Қаншама отбасын баласынан, сүйген жарынан, жас нәрестені әкесінен айырып зұлмат соғыстың әр жүрекке өшпестей із қалдырғаны «Жеңіс, Жеңіс!» деген жалғыз сөзбен тарих беттеріне қою әріппен жазылғанын айтқанда» қонақтардың тебіреніп, көзіне жас алуы, шығарманы оқудағы отбасы мүшелерінің жүрегіне жол тапқанын білдірсе керек.

Қарағанды қаласындағы білім беруді дамыту орталығының әдіскері Гүлсім Ғаббасовна: «Бүгінгі таңдағы баланың отбасындағы әдеби кітап оқуы рухани-адамгершілік қырларының ашылып, дүниетанымы мен мәдениетінің қалыптасуына жол ашатындығын,

бүгінгі ұйымдастырылып отырған кітапханадағы отбасымен оқу жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқанын оқушылармен ата-аналардың сөз саптауынан, өздерін еркін ұстауы, ойларын ашық жеткізе білуінен байқауға болады»- деп айта кетті.

Семинар соңы акт залында қорытындыланып, оқушылар қолынан жасалған моншақтан тоқылған алма, жапырағы және алма ағашының сұлбасына семинарға қатысушылар өз ойларын білдірді. Семинардың жоғары деңгейде өтілгендігінің куәсі – алма ағашының жемісті және жапырағының жасыл желекке бөленуі болды.

К.БАБАҒҰЛОВА,
кітапханашы,
С.ӘБДІРӘСІЛОВА,
психолог



Тәртіп күзетінде

«Жасөспірім» шарасы өтті

2012 жылдың қыркүйегінде ҚР Парламентінің екінші сессиясында Мемлекет басшысы ІІМ алдында азаматтардың өмірінің сапасына әсер ететін және қоғамдық тыныштықты бұзатын, ұсақ құқық бұзушылық бойынша жұмысты жетілдіру бойынша тапсырмалар қойды. Сонымен қатар, Президент өзінің Жолдауында мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік қағидасын ұстауы қажет, – деп атап айтты дейді Теміртау қ. ІІБ Әкімшілік полиция бөлімінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы полиция лейтенанты Инзиля Галимзянова.

Президенттің жолдауын іске асыру, сондай-ақ Қарағанды облысының ІІД нұсқауын орындау барысында Теміртау қаласының аумағында 2015 жылдың 01 – 10 сәуірі аралығында «Жасөспірім» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.


Іс-шараның негізгі мақсаты – қорқытып алушылық фактілерін анықтау және жолын кесу бойынша мақсатты бағытталған жедел-іздестіру іс-шараларын өткізу, жасөспірімдердің қылмысын ескерту және алдын алу, көмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ көмелетке толмағандарды құқық бұзушылық пен қылмыс жасауға тартатын ересек адамдарды анықтау болып табылады.

Іс-шараны өткізу кезеңінде ішкі істер органдарының барлық бөлімдерінің жеке құрамы барынша жұмылдырылды. Сонымен қатар көмелетке толмағандардың құқығын қорғау бойынша комиссия өкілдерімен, қалалық білім бөлімінің қызметкерлерімен, Қарағанды облысының ІІД баспасөз қызметімен, ЖКАО-мен бірлескен түнгі рейд өткізілді, рейд барысында жағдайы төмен отбасылар мен ювеналды полиция есебінде тұратын көмелетке толмағандар, түрлі сауықтыру орындары тексерілді.

Іс-шара барысында полиция бөлімдеріне әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қараусыз жүргендері үшін 66 көмелетке толмаған жеткізілді. Қараусыз жүргендері үшін көмелетке толмағандар «Теміртау көмелетке толмағандардың бейімдеу орталығына» орналастырылды. Балаларының тәрбиесі бойынша міндеттерін ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен орындамағаны үшін – 7, 18 жасқа толмаған тұлғаға темекі және темекі өнімдерін сатқаны үшін – 5 адам, ішімдік өнімдерін сату бойынша ҚР заңдарының талаптарын бұзғаны үшін – 5 адам, қоғамдық орындарында бұзақылық жасағаны үшін – 3 көмелетке толмағандар әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сондай-ақ ювеналды полиция инспекторлары мен учаскелік полиция инспекторлары жалпы білім беру орта мектептерінің оқушылары арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу нысандары мен әдістерін жетілдіру мәселелері бойынша прокуратура органдары өкілдерінің, педагогикалық ұжымдардың, ата-аналар комитеттерінің, қатысуымен «Құқық бұзушылықтың профилактикасы», «Нашақорлық» тақырыптарында бірлескен кеңестер өткізілді. 8-11 сынып оқушылары арасында қорқытып алу, сондай-ақ көмелетке толмағандарға қатысты басқа да құқыққа қарсы әрекеттерді анықтау мақсатында сауалнамалар алынды.

Әйгерім САҒЫНДЫҚ



Кәсіптік білім

Ашық есік күні өтті

Ашық есік күні
мерекесі 22-23 сәуірде
Теміртау кәсіби -
техникалық колледжінде
аталып өтті.

Теміртау кәсіптік-техникалық колледжде ашық есік күніне арналған мерекелік концерт сәуір айының 22-23 аралығында аталып өтті. Мерекелік концерттіміз колледж директоры Әмірханов Серік Елтайұлының құттықтауымен ашылды. Концерттімізге Қарағанды облысы, Теміртау қаласының мектептерінен ауыл мектептерінен 9-11 сыныптар аралығындағы оқушылар қонақ болды. Әуелі салған өнімен, мың бұралған биімен өз өнерлерін ортаға салған біздің студенттер көрермен қошеметіне бөленді. Концерттіміздің соңында колледждің шеберлері оқушыларды өз мамандықтары бойынша жан-жақты таныстырды. Атап өтсек шаштараз, аспаз, автокраншылар, сылақшылар, дәнекерлеушілер т.б мамандықтар.

Аспазшылардың әзірлеген астарынан дәм ауызтиген қонақтар ризашылықтарын білдіріп тарасып жатты.

Өз тілшімізден

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 16 сәуірдегі № 15/25 қаулысы

«Қалалық коммуналдық мүлкті мүлдікті жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы» Теміртау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 08 қаңтардағы №1/2 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес Теміртау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.«Қалалық коммуналдық мүлкті мүлдікті жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы» Теміртау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 08 қаңтардағы №1/2 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 12 ақпанында № 2967 тіркелген, 2015 жылғы 06 наурыздағы № 9 (11) «Құрыш қала KZ» газетінде жарияланған).

2.Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Владимир Анатольевич Костюшинге жүктелсін.

Қала әкімі

Н. СҰЛТАНОВ

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімінің
2015 жылғы 13 сәуірдегі № 3шешімі

Қарағанды облысы әділет департаментінде 2015 жылғы 20 сәуірде
№ 3156 болып тіркелген

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48-бабына және 50-бабының 2-тармағының 2 тармақшасына, «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру қажеттігін туындатқан, Теміртау қаласы аумағының бөлігін су басуына байланысты, Теміртау қаласының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Теміртау қаласында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Төтенше жағдайларды жою басшысы болып Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Алтынбек Атабекович Есмұрзаев тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. СҰЛТАНОВ

Теміртау қаласы тұрғындарының назарына!

2015 жылғы 1- сәуірден 30 сәуірге дейінгі аралықта «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысу үшін қалалық әкімдікте өтініштер қабылданады. Конкурстың ұйымдастыру тәртібі туралы ақпаратты «Теміртау қаласы Ішкі саясат бөлімі» ММ сайтынан көруге болады.

«Теміртау қаласы Ішкі саясат бөлімі» ММ

Постановление акимата города Темиртау
Карагандинской области
от 16 апреля 2015 года № 15/25

О признании утратившим силу постановления акимата города Темиртау от 08 января 2015 года №1/2 «Об утверж- дении Правил расчета ставки арендной платы при передаче городского коммунального имущества в имущественный наем (аренду)»

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 24 марта 1998 года «О нормативных правовых актах», Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», акимат города Темиртау **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Признать утратившим силу постановление акимата города Темиртау от 08 января 2015 года № 1/2 «Об утверждении Правил расчета ставки арендной платы при передаче городского коммунального имущества в имущественный наем (аренду)» (зарегистрированное в Рее-стре государственной регистрации нормативных правовых актов от 12 февраля 2015 года № 2967, опубликованное в газете «Құрыш қала KZ» от 06 марта 2015 года № 9 (11)).

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Костюшина Владимира Анатольевича.

Аким города

Н. Султанов

Решение акима города Темиртау
Карагандинской области
от 13 апреля 2015 года № 3

Зарегистрировано Департаментом юстиции Карагандинской
области 20 апреля 2015 года № 3156

Об объявлении чрезвычайной ситуации природного характера

В соответствии с подпунктом 13 пункта 1 статьи 33 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 48 и подпунктом 2 пункта 2 статьи 50 Закона Республики Казахстан от 11 апреля 2014 года «О гражданской защите», постановлением Правительства Республики Казахстан от 2 июля 2014 года № 756 «Об установлении классификации чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера», в связи с затоплением части территории города Темиртау, что привело к необходимости отселения жителей на безопасное место, аким города Темиртау **РЕШИЛ:**

1. Объявить чрезвычайную ситуацию природного характера в городе Темиртау.
2. Руководителем ликвидации чрезвычайной ситуации назначить заместителя акима города Темиртау Есмұрзаева Алтынбека Атабековича и поручить провести соответствующие мероприятия, вытекающие из данного решения.
3. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.
4. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города

Н. СУЛТАНОВ

Теміртау қалалық әкімдігі қалалық «Ішкі саясат бөлімі» ММ жетекшісі Куринная Татьяна Михайловнаға орны толмас қаза – күйеуі

Куринной Олег Дмитриевичтің

қайтыс болуына байланысты қатты қайғырып көңіл айтады.

«Ішкі саясат бөлімі» ММ ұжымы Куринная Татьяна Михайловнаға және оның туыстары мен жақындарына күйеуі

Куринной Олег Дмитриевичтің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақта-сып, көңіл айтады.

Қалалық мәслихат аппараты және депутаттық корпус Куринная Татьяна Михайловнаға оның жолдасы

Куринной Олег Дмитриевичтің

қайтыс болуына орай орны толмас қазаға ортақтасып, көңіл айтады.

Теміртау қалалық ақпараттық-танымдық «Құрыш қала KZ» газетінің ұжымы «Ішкі саясат бөлімі» ММ басшысы Куринная Татьяна Михайловнаға күйеуі

Олег Дмитриевич Куриннойдың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақта-сып, көңіл айтады.

МЕНШІК ИЕСІ:
«Құрыш қала KZ» газетінің
редакциясы» ЖШС
Құрылтайшысы әрі директоры
Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор Руза АЛДАШЕВА
Техникалық редактор:
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.

Газет айына төрт рет шығады
Тапсырыс 18
Тиражы 1000 дана.
Форматы А-3.
Көлемі 3 баспа табақ.
Офсетті басылым:

Газет «Құрыш қала KZ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.
Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.
(Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15 үй). Индекс 64023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.

Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз:

khurysh_khala_KZ@mail.ru